



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп
2024 жылғы Қазақстан
Республикасындағы байланыс, пошта
және курьерлік қызмет кәсіпорындары
жұмысының негізгі көрсеткіштері

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-Кіріспе
- S. 3 метадеректерді Жаңарту
- S. 4 статистикалық ақпаратты Ұсыну
- S. 5 өлшем Бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негізі
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланым саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапасы басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Ақмарал Мұхаметдәуітқызы Қрықбаева

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Марина Владимировна Мисюра

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел данғылы, 8, Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.krykbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749329

S.2 Өзектілік-Кіріспе

Байланыс Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады, ол жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қауіпсіздік, қорғаныс, құқық тәртібін қорғау, мемлекеттік органдардың байланыс қызметтеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған.

Байланыс және есептеу техникасы, сондай-ақ ақпараттық жүйелер құралдары ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және тарату процесін қамтамасыз етудің техникалық базасын құрайды.

Байланыс статистикасы барлық деңгейдегі пайдаланушыларды байланыс саласының дамуы және жағдайы туралы, сондай-ақ оның құрамдас бөліктері туралы, кең жолақты Интернетті қоса алғанда Интернеттің дамуы туралы, ұтқыр байланыс туралы, байланыстың техникалық құралдары туралы, республиканың ЖІӨ-ге саланың үлесі туралы ақпараттық қамтамасыз жүзеге асырады. Сондай-ақ байланыс статистикасы әлемнің үздік елдерінің ішінде ақпараттық технологиялардың дамуында елдің деңгейін сипаттайтын Халықаралық байланыс одағы индикаторларын (ұялы байланыс абоненттерінің саны, жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген Интернет абоненттерінің саны, ұтқыр кең жолақты қолжетімділік абоненттерінің саны) қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Байланыс статистикасы - байланыс кәсіпорындарының экономикалық және пайдалану процестерін, байланыс желілері мен құралдарының жағдайын зерделейтін статистика саласы.

Байланыс статистикасын қалыптастыру үшін «Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» 1-байланыс және «Байланыс қызметтері туралы есеп» 2-байланыс нысандары негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстарын өткізеді, оларда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау мәніне егжей-тегжейлі талданады. Бюроның респонденттермен және ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен кері байланыс 1446 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

24.08.2022

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

24.08.2022

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

24.08.2022

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Байланыс саласындағы статистикалық байқаудың негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- 1) өткен жылғы байланыс қызметінің НКИ пайызбен;
- 2) байланыс қызметінің көлемі;
- 3) Интернет желісі қызметінің көлемі;
- 4) тіркелген Интернет абоненттерінің саны;
- 5) ұялы байланыс абоненттерінің саны;
- 6) ұтқыр кең жолақты қолжетімділік абоненттерінің саны.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зертеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ – Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ – Заңды тұлғалардың өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ – Экономика секторларының жіктеуіші;

Сондай-ақ Бюро әзірлеген анықтамалықтар.

Осы жіктеуіштер Бюро www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында басты бетте «Негізгі» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторалдық қамту

Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 61 - телекоммуникациялар және 53 - пошта және курьерлік қызмет кодына сәйкес негізгі қайталама экономикалық қызмет түрлеріне ие заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ тізім бойынша дара

кәсіпкерлер тапсырады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Құралдар: «Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» (индексі 1-байланыс, кезеңділігі жылдық) және «Байланыс қызметтері туралы есеп» (индексі 2-байланыс, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысандары.

2) Байқау типі: жаппай.

3) Респонденттердің ұсыну мерзімі 1-байланыс бойынша есепті кезеңнен кейінгі 25 наурыз (қоса алғанда) және 2-байланыс бойынша 31 наурызға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысандарды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысандарды электрондық түрде толтыру «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттерге» / «Респонденттің кабинеті» бөлімінде қолжетімді. Нысанды соңғы қайта қарау 2022 жылы болды, статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Респонденттерге» / «2025 жылғы статистикалық нысандар» / «Жылдық нысандар» бөлімінде орналастырылған.

Анықтамалар:

1) абонент - байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға;

2) байланыс қызметтері - пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын немесе телекоммуникация хабарламаларын қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызмет;

3) пошта байланысы - пошта және арнаулы жөнелтілімдерді қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу, сондай-ақ пошталық ақша аударымдары.

S.4.5 Статистикалық объект

Байланыс және пошталық курьерлік қызмет бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері статистикалық объект болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Статистикалық бизнес тіркелімі каталогты қалыптастыру үшін бас жиынтық болып табылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар).

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстан Республикасында байланыс бойынша тексеру 2004 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 2004-2024 жылдардағы уақыттық қатарлар бар. Уақыттық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық

статистика» / «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қол жетімді.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Миллион теңге және бірлік.

S.6 Есепті кезең

Жыл.

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
4. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
5. 2016 жылғы 21 қазандағы №246 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме»

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуының кепілі қамтамасыз етіледі.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми

және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 9 Жарияланым саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары, мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурсында орналастыру жолымен сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер форматында және статистикалық әдіснамада бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді. Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасында www.gov.kz интернет-ресурсында (МО БПИР) «Бюро» / «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасында www.gov.kz интернет-ресурсында (МО БПИР) Бюро бөлімінде «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бір мезгілде және тең қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары, мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурсында орналастыру жолымен сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер форматында және статистикалық әдіснамада бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді. Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасында www.gov.kz интернет-ресурсында (МО БПИР) «Бюро» / «Басты» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл.

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

- 1) «Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері» электрондық кестелер, Бюро www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика» / «Салалық статистика» / «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді;
- 2) Орнықты даму мақсаттарының көрсеткіштері, Бюро Интернет-ресурсында Негізгі бет - Пайдаланушыларға - 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының мониторингі бөлімінде орналастырылған;
- 3) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер Бюро интернет-ресурсында «Статистика»/ «Салалық статистика» / «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 On-line режимдегі деректер базасы

Бюро www.stat.gov.kz сайты. «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі / «Байланыс статистикасы».

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде алу үшін өтінім беру шарттары туралы ақпарат Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Басты бет» / «Зерттеушілер үшін» бөлімінде қолжетімді.

Өтінім Бюроның www.stat.gov.kz. интернет-ресурсында «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылады және беріледі қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 246 бұйрығымен бекітілген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме». ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылғы 23 қарашада № 14447 болып тіркелген.

Бюро www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» / АКТ статистикасы бөлімінде орналастырылған;

2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл», төртінші басылым, толықтырылған. Бюро www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;

3) Электрбайланыс / АКТ саласында әкімшілік деректерді жинау бойынша анықтамалық, Халықаралық электрбайланыс одағы (ITU) www.itu.int. интернет-ресурсында орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа жөніндегі нұсқаулық; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Байланыс статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау динамикада жүргізіледі;
- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптың жоқ болуын азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматты енгізу деңгейінде анықтығын тексеру айқындалды, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты - логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

Байланыс статистикасы бойынша Халықаралық электробайланыс одағының «Электрбайланыс / АКТ саласында әкімшілік деректерді жинау бойынша анықтамалық» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме» пайдаланылады, ол халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және басқа ведомствалар, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнамалар» / «Пайдаланушы сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы - үлес


S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік


Байланыс статистика бойынша жалпы мемлекеттік зерттеу ықтимал қателер барынша аз болатындай және бақыланатындай етіп қалыптастырылған. Іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін (құны бойынша деректерді дұрыс толтырмау, есепті толтыру кезіндегі оператордың қатесі және т.б.). Мұндай қателерді облыстар мен Алматы, Астана, Шымкент қалаларының Статистика департаменттері және Бюроның статистикалық байқау жүргізу барысында анықтайды және түзетеді.

2024 жылы есеп берген ұйымдар саны 1386 бірлікті құрады, байланыс қызметінің көлемі 1 404,3 млрд.теңгені құрады. Тіркелген Интернет абоненттерінің саны 3 311,5 мың бірлікті құрады, ұялы байланыс абоненттерінің саны – 26 466,4 мың бірлік, ұтқыр кең жолақты қолжетімділігі бар абоненттер саны 24 513,7 мың бірлікті құрады.

2024 жылға байланыс қызметінің НКИ



2024 жылға тіркелген Интернет абоненттерінің саны



S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2.Қамтуды арттыру-үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5.Жауап жоқ болу тармағы үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бірінші жарияланымға дейін алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 52 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетеньде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады. Шығару күні СЖЖ-да және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер бюллетеньде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады, нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ТРЗ

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалылығы

Деректер ҚР өңірлері арасында салғастырымды.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

Байланыс статистикасы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2004 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз болып келеді. 2004-2024 жылдарға арналған уақыттық қатарлары бар, уақыттық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика» / «Салалық статистика» / «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

АКТ статистикасы бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған, Германия және Испания статистикалық офистері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады.

Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ.

Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

2024 жылға қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Байланыс статистикасы бойынша статистикалық ақпарат «Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» (кезеңділігі - жылдық) 1-байланыс және «Байланыс қызметтері туралы есеп» (кезеңділігі - жылдық) 2-байланыс нысандары бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптастырылады. Статистикалық бизнес-тіркелім (СБТ) бас жиынтық ретінде пайдаланылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылдық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Байланыс статистикасы бойынша статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «оп-line режимде деректерді жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады «Респонденттер үшін» / «Респонденттің кабинеті» бөлімінде қолжетімді.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру белгіленген, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуге алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S.21.5 Импутация - үлесі /A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.